

Темір ауданының мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 252 қаулысы. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 288 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 26.12.2023 № 288 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімде № 14010 болып) тіркелген бұйрығына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Темір ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота:

елуден жүз адамға дейін-жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайыз мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін- жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайыз мөлшерінде:

екі жүз елу бірден артық адам- жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. "Темір ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберу;

2) осы қаулыны Темір ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

С. Аманбаев

Темір ауданы әкімдігінің 2022 жылғы
05 желтоқсандағы № 252 қаулысына
қосымша

Темір ауданының мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота

№ р/н	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Темір о р м а н шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	49	2	1
2	"Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Шұбаркүдық-жылу" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
3	" Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Кенкияк жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	87	2	1

4	" Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Ж.Кереев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
5	" Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 3 Шұбаркұдық жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
6	" Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 4 Шұбаркұдық жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	1
7	" СНПС-АҚТӨБЕМҰ НАЙГАЗ" Акционерлік қоғамының филиалы - " Кенкиякмұнай" мұнай-газ өндіру басқармасы (МГӨБ) заңды ұйым филиал	120	3	2
8	" Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Алтықарасу	72		1

	мектеп-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі		2	
9	"Темір аудандық мәдениет дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Н.Байғанин атындағы Темір аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	130	3	2
10	"Техногаз" ЖШС	74	2	1
	Барлығы	892		12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК